ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 7 ақпан Іс №1513-23-00-2/2786 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ВАДА-Перспектива» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ МӘНІ БОЙЫНША ӨЗДІГІНЕН ТАЛАП ҚОЙМАҒАН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«АктобедорПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Асем Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д.Қожамжар
талап қоюшы өкілі А.С.Омарова
жауапкер өкілі О.К.Бисембин
үшінші тұлға өкілі М.Е.Абдуллин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылғы 6 маусымда «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»

мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «ВАДА-Перспектива» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (мердігер) арасында өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №220250/00 шарты жасалған (әрі қарай-Шарт).

Шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, мердігер жалпы сомасы 62 676 654.88 теңгеге «Ақтөбе қаласындағы Заречный-2 өз. №46 мектептен Хромтау трассасына дейін шығу автомобиль жолын салу» жұмыстарына құрылыс-монтаждық жұмыстарды сараптаманың қорытындысына сәйкес 3 (үш) ай мерзімде орындауға міндеттелген.

Қосымша шарттармен бюджетті нақтылау, қазынашылық аумақтық органында тіркеу мәселелері жөнінде келісім-шарттың тармағына өзгерістер енгізіліп және шарттың жарамдылық мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылған.

2023 жылғы 1 маусымдағы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді бастау туралы № KZ71REA00335017 хабарламасына сәйкес жұмыстардың аяқталу мерзімі 2023 жылғы 5 қыркүйек деп белгіленген.

Алайда, жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме тиісті мерзімінде аяқталмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 971 168 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді талап еткен.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір ұсынып, онда талап қоюды мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрап, өз тарапынан атқарылған жұмыстарды 2023 жылғы 5 қыркүйекке дейін аяқтамағанын жоққа шығармай, бірақ аталған жұмыстар оларға қатысты емес кедергілер бойынша уақытылы аяқталмаған, себебі, жұмыстарды атқару барысында аудан тұрғындарының өтініштері бойынша қосымша жұмыстар істелінгенін, одан басқа ауа райының қолайсыздығы және басқада туындаған мәселелердің себептеріне байланысты жұмыстарды кестеге сәйкес жүргізуге кедергі болғанын көрсетті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, қарсы пікірінде келтірген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға «АктобедорПроект» ЖШС-нің өкілі М.Е.Абдуллин талап қоюшының талап қоюын сот қарауына қалдырып, қазіргі таңда жауапкерге 400 шаршы метрге жуық асфальттың соңғы

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.02.2024

қабатын құйып, оның жаңында қойылатын шекараларын (бордюр) және 28 жол белгілерін орнату қажет екенін айтып көрсетті. Алайда аталған жұмыстарды ауа райының қолайсыздығына байланысты жақын арада соңына дейін аяқтау мүмкін емес.

Үшінші тұлға «Асем Құрылыс» ЖШС-нің өкілдері сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен сот отырысына қатысқан жоқ.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай - АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі үшінші тұлғаның өкілдерінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды толығымен қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.02.2024

2023 жылғы тамыз және қараша айы бойынша орындалған жұмыстар актілеріне сәйкес, шарттық міндеттеме ішінара 42 052 509 теңгеге ғана игерілген.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

АК-нің 655 бабының 2 тармағына сәйкес, мердігер үшін қосымша шығындарды керек ететін жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу тараптардың келісілген қосымша сметасының негізінде тапсырысшының есебінен жүзеге асырылады.

АК-нің 628-бабына сәйкес, мердігер тапсырыс берушіні дереу ескертуге және одан нұсқау алғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға міндетті негіздер көзделген.

Алайда, жаупкердің тапсырыс берушіге шартты орындау мерзімін ұзарту туралы хаттарында көрсетілген сілтемелері жұмыстарды орындауды тоқтату тұруға негіз болып табылмайды.

Одан басқа, тапсырыс беруші тарапынан қолданыстағы жобалау-сметалық құжаттамаға өзгеріс енгізу немесе жұмыстарды тоқтата тұру туралы нұсқау жолданбаған.

Осыған орай, жауапкердің жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзғаны үшін кінәсінің жоқтығы туралы дәлелдері негізсіз болып табылады.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.02.2024

1513-23-3-1/3180

танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес (әрі қарай–АПК) сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 5 қыркүйектен бастап 2023 жылғы 4 қазан аралығында жұмыстың орындалу мерзімінен кешіктірілген әр күнге шарттың орындалмаған міндеттемелер сомасынан (32 372 263,88 тг*0,1%30 күнтізбелік күн (5.09.2023 жыл - нысанды аяқтау мерзімінен талап қою ұсынылған күнге дейін 4.10.2023 жыл) үшін 971 168 теңге тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ВАДА-Перспектива» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ВАДА-Перспектива» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 971 168 (тоғыз жүз жетпіс бір мың жүз алпыс сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және жергілікті бюджетке 29 135 (жиырма тоғыз мың жүз отыз бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.02.2024

Шешімшге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төрттінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.02.2024

1513-23-3-1/3180